

## **Қазақстан Республикасының тұтынушыларын газбен қамтамасыз етуді басқарудың құрылымы мен жүйесін жетілдіру туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1995 жылғы 6 қыркүйектегі N 1237

Реформаларды тереңдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі Үкіметтің Іс-қимыл бағдарламасына сәйкес және тұтынушыларды газбен қамтамасыз етуді басқарудың құрылымы мен жүйесін жетілдіру, бәсекесін дамыту, жекешелендіру процесін тереңдету, сондай-ақ Қарашығанақ мұнай газ конденсаты кен орнын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы мұнай және газ өнеркәсібі министрлігінің тұтынушыларды газбен қамтамасыз етуді басқарудың құрылымы мен жүйесін жетілдіру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Алаугаз" және "Қазақгаз" мемлекеттік холдинг компанияларының акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакеттерін иелену, пайдалану және басқару жөніндегі өкілеттіктерін 1 және 2 қосымшаларға сәйкес тоқтатып, бұл өкілеттіктерді мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитеттерге берсін.

"Ақтаутрансгаз", "Ақтөбетрансгаз", "Жайықтрансгаз", "Оралтрансгаз", "Қазақгазбайланыс", және "Оралмұнайтранс" мемлекеттік кәсіпорындарының базасында "Батыстрансгаз" акционерлік қоғамын құрсын. "Батыстрансгаз" акционерлік қоғамы табиғи газды тасымалдауды өндірушілер және берушілермен шарттар негізінде жүзеге асырады деп белгіленсін. "Қазақгаз" мемлекеттік холдинг компаниясы "Батыстрансгаз" акционерлік қоғамына мемлекеттік акциялар пакетін иелену, пайдалану және басқару құқықтарын берсін;

Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп құрылатын "Батыстрансгаз" және "Қарашығанақ газ өнеркәсібі" акционерлік қоғамдарын, сондай-ақ газ шаруашылығындағы акционерлік қоғамдарды жекешелендіруді жеке жобалар бойынша жүзеге асырсын;

Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігіне мемлекеттің атынан іс қимыл жасау құқығын беріп, газ шаруашылығының акционерлік қоғамдарына "алтын акцияны" белгілеген тәртіппен енгізсін;

"Алаугаз" мемлекеттік холдинг компаниясының балансындағы мүлік ескеріліп, осы қаулыға қол қойылған бір ай мерзім ішінде "Алаугаз" мемлекеттік холдинг

компаниясының жарғы қорын құрсын.

3. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі "Қазақгаз" мемлекеттік холдинг компаниясымен бірлесіп сұйық конденсат пен сұйық газды өндіру, тасымалдау, өңдеу және олардың өңделген өнімдерін сату, сондай-ақ Қарашығанақ мұнайгаз конденсатының кен орны бойынша өнімді бөлудің қағидалары туралы аралық Келісімге /бұдан әрі - Келісім/ сәйкес тоқсан сайын төлемдер алу жөнінде құқықтар мен міндеттемелердің "Қарашығанақгазөнеркәсібі" акционерлік қоғамына берілуін қамтамасыз етсін.

"Қазақгаз" мемлекеттік холдинг компаниясы Келісімнің қолданысы аяқталғанға дейін оның бір тарапы болып белгіленсін.

4. 1995 жылдың 10 қыркүйегінен бастап табиғи газды өндірушілермен және берушілермен ол үшін өзара есеп айырысу және шарттар жасауды газ шаруашылығының акционерлік қоғамдары немесе басқа газды көтерме тұтынушылар дербес жүзеге асырады деп белгіленсін. Газ шаруашылығындағы акционерлік қоғамдар газды беру және тасымалдауды жергілікті тарату жүйелері бойынша газды тұтынушылармен және сатып алушылармен шарттар негізінде жүргізеді.

"Алаугаз" мемлекеттік холдинг компаниясы қызметінің негізгі бағыты газды өндірушілермен және берушілермен шарттар негізінде табиғи газды Бұқар газ өндіруші ауданы - Алматы арналы газ құбырымен және сұйытылған газды темір жол цистерналарымен тасымалдау болып белгіленсін.

5. Газды пайдалану және тасымалдау саласында бірыңғай техникалық саясат жүргізу Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігіне жүктелсін.

6. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері табиғи және сұйытылған газ үшін тұтынушыларға берешектердің өтелуін қамтамасыз етсін және төлемдердің уақтылы төленуіне тұрақты бақылау жасалуын жүзеге асырсын.

7. Газ шаруашылығының акционерлік қоғамдары өздері алған газдың үлесі мөлшерінде "Қазақгаз" және "Алаугаз" мемлекеттік холдинг компанияларының борыштары және міндеттемелері бойынша құқылық мұрагерлері болып табылады деп белгіленсін.

"Алаугаз" мемлекеттік холдинг компаниясы бюджет алдындағы берешектер / директивті кредиттерді, республикалық аралық есепке алу кредиттерін және салықтар бойынша төлемдерін қоса/ актілерін салғастыруды бір ай мерзімде жүргізсін және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп кредиттік шарттарды түпкі заемшыларға қайта ресімдесін.

8. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің /жалпы бөлім/ қабылдануына байланысты "Алаугаз" және "Қазақгаз" мемлекеттік холдинг компаниялары белгілеген тәртіппен "Алаугаз" және "Қазақгаз" акционерлік қоғамдары болып атауын өзгертсін.

9. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі

мемлекеттік комитетіне газды сатып алуға және арналы газ құбырлары мен жергілікті тарату тораптары бойынша тасымалдау шығындардың тұрғын үйлерді жылыту үшін халыққа босатылатын табиғи газға 1995 жылдың 1 қазанынан 50 проценті, 1996 жылдың 1 қаңтарынан 65 проценті және 1996 жылдың 1 шілдесінен 100 проценті мөлшерінде тарифтер енгізу тапсырылсын.

10. "Қазақстан Республикасы Президентінің" Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу және жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға /II кезең/ арналған ұлттық бағдарламасы туралы" 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1135 Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 20 шілдедегі N 633 қаулысының /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж ., N 30, 353-бап/ 6 қосымшасындағы 11 және 14-тармақтарының күші жойылған деп танылсын.

11. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі және Әділет министрлігі осы қаулыға сәйкес Үкіметтің бұрын қабылданған шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы Ұсыныстарын екі ай мерзімде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 6 қыркүйектегі  
N 1237 қаулысына  
1 қосымша

"Алаугаз" мемлекеттік холдинг компаниясының

мемлекеттік акциялар пакетіне иелік ету,  
пайдалану және басқару жөніндегі өкілеттігі  
тоқтатылатын акционерлік қоғамдардың  
Тізбесі

Қосу-реттеу акционерлік қоғамы, Алматы қаласы  
"Ақмолагазмонтаж" акционерлік қоғамы, Ақмола қаласы  
"Газ" акционерлік құрылыс қоғамы, Ақтөбе қаласы  
Атырау құрылыс акционерлік қоғамы, Атырау қаласы  
"СМУ Қарағандагазмонтаж" акционерлік қоғамы, Қарағанды  
қаласы  
Қызылорда құрылыс монтаж акционерлік қоғамы, Қызылорда  
қаласы  
Қостанай құрылыс акционерлік қоғамы, Қостанай қаласы  
Мақтаарал құрылыс акционерлік қоғамы, Оңтүстік Қазақстан  
облысы, Славянка поселкесі  
Павлодар құрылыс монтаж акционерлік қоғамы, Павлодар  
қаласы  
"СМУ Петропавловскгазмонтаж" акционерлік қоғамы,  
Петропавл қаласы  
"Семгазсервис" акционерлік қоғамы, Семей қаласы  
Талдықорған құрылыс акционерлік қоғамы, Талдықорған  
қаласы  
Шымкент құрылыс-монтаж акционерлік қоғамы, Шымкент қаласы  
"Газкомплект" акционерлік қоғамы, Алматы қаласы  
Ақмола газ шаруашылығы акционерлік қоғамы, Ақмола қаласы  
Алматы газ шаруашылығы акционерлік қоғамы, Алматы қаласы  
Жамбыл газ шаруашылығы акционерлік қоғамы, Жамбыл қаласы  
Жезқазған газ шаруашылығы акционерлік қоғамы, Жезқазған  
қаласы  
Қарағанды газ шаруашылығы акционерлік қоғамы, Қарағанды  
қаласы  
Қызылорда газ шаруашылығы акционерлік қоғамы, Қызылорда  
қаласы  
Көкшетау газ шаруашылығы акционерлік қоғамы, Көкшетау  
қаласы  
Павлодар газ шаруашылығы акционерлік қоғамы, Павлодар  
қаласы

Солтүстік Қазақстан газ шаруашылығы акционерлік қоғамы,  
Петропавловск қаласы  
Талдықорған газ шаруашылығы акционерлік қоғамы,  
Талдықорған қаласы  
Теміртау газ шаруашылық акционерлік қоғамы, Теміртау  
қаласы  
Торғай газ шаруашылығы акционерлік қоғамы, Арқалық қаласы  
Оңтүстік Қазақстан газ шаруашылығы акционерлік қоғамы,  
Шымкент қаласы  
Өскемен газ шаруашылығы акционерлік қоғамы, Өскемен  
қаласы

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 6 қыркүйектегі  
N 1237 қаулысына  
2 қосымша

"Қазақгаз" мемлекеттік холдинг компаниясының

мемлекеттік акциялар пакетіне иелік ету,  
пайдалану және басқару жөніндегі өкілеттігі  
тоқтатылатын акционерлік қоғамдардың  
тізбесі

"Құрылысгаз" акционерлік қоғамы, Орал қаласы  
"Ақсай" акционерлік қоғамы, Орал қаласы  
"Асыл-Газ" акционерлік қоғамы, Орал қаласы

"Газреттеу" акционерлік қоғамы, Шымкент қаласы  
Ақтөбе газ шаруашылығы акционерлік қоғамы, Ақтөбе қаласы  
Атырау газ шаруашылығы акционерлік қоғамы, Атырау қаласы  
Батыс Қазақстан газ шаруашылығы акционерлік қоғамы, Орал  
қаласы  
Қостанай газ шаруашылығы акционерлік қоғамы, Қостанай қаласы  
Маңғыстау газ шаруашылығы акционерлік қоғамы, Ақтау қаласы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ